ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

09.01.2026 № 4360-26-3-8/9

№ 4360-25-00-2/2656

09.01.2026 10:09

Қызылорда облыстық сотының
азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы
Ж.Б.Жақсылыққа

«Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаев *өкілі А.Есенбаева*
тел:87786929601

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен талап қоюшы «Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шарт бойынша жұмыстарды толық орындауды міндеттеу туралы азаматтық ісі бойынша сот шешіміне жауапкермен берілген апелляциялық шағымы апелляциялық сатыда қарау үшін жолданады.

Қосымша: Электронды нұсқада №4360-25-00-2/2656 азаматтық ісі, шешім көшірмесі, апелляциялық шағым көшірмесі.

Қалған мекенжайға мәлімет үшін.

4360-26-3-8/9 09.01 **Төраға** **Б.Елшібеков**

Құжатты жасаған: ЖАҚЫПБЕК А. К., 8-7242-55-98-43, 724-2467@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ЕЛШІБЕКОВ Б. Е., 09.01.2026 18:09

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

Орынд.: Жақыпбек А. Қ.
тел.: 8-708-440-95-96«WhatsApp», 724-2467@sud.kz

Жанасбаева Әсем Жиренбайқызы 12.01.2026 10:29

Құжатты жасаған: ЖАҚЫПБЕК А. Қ., 8-7242-55-98-43, 724-2467@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ЛЕБЕКОВ Б. Е., 09.01.2026 18:09

4360-26-3-8/9 09.01.2026

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 2 желтоқсан №4360-25-00-2/2656 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында А.Қ.Жақыпбектің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Н.Д.Маханбетов
Жауапкердің өкілі А.М.Есенбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 25 тамызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №73 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасып, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жалпы сомасы 1 167 104 теңгеге 8 дана «бас бостандығынан айырумен байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдалған адамдар үшін электронды бақылау құрылғылары (Білезік)» тауарларын Шарт жасалғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2025 жылғы 13 қыркүйекке дейін жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшымен жауапкерге 2025 жылғы 15 қыркүйекте №01-9/1149, 2025 жылғы 22 қыркүйекте №01-10/1168 тауарларды сапалы және мерзімінде жеткізіп беру жөніндетиісті ескертпе хаттар бірнеше мәрте жолданған.

Тауарлар 2025 жылғы 20 қазанда жеткізілгенімен, Тапсырыс беруші тарапынан тауарлар техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты қабылдаудан бас тарту туралы акті жасалған.

2025 жылғы 29 қазанда Шарт биржақты бұзылған.

Жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынып, тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келетінін, тұрақсыздық айыбын төлеуге де қарсы еместігін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, кешіктіріліп жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікке сәйкес келмегенін, бүгінгі күні Шарт биржақты бұзылғанын, сондықтан тауарды қабылдай алмайтынын мәлімдеп, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жазбаша қарсы пікірдегі уәждерін айтып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Куә Ә.Сержанова жеке кәсіпкерлікте менеджер болып жұмыс жасайтынын, тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келетінін, басқа өнім берушіден алғысы келгендіктен қабылдамағанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан биржақты бас тартуға және оның шарттарын биржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес; мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, өнім беруші тауарларды Шартта көрсетілген мерзімде жеткізу туралы міндеттемесін орындамаған.

Тауарлар 2025 жылғы 20 қазанда жеткізілгенімен, Тапсырыс беруші тарапынан тауарлар техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты қабылдаудан бас тарту туралы акті жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 05.12.2025

Сот жауапкердің тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келеді, басқа өнім берушіден алғысы келгендіктен қабылдамаған деген уәждерін негізсіз деп санайды.

2025 жылғы 29 қазанда Шарт биржақты бұзылған. Жауапкермен Шарттың биржақты бұзылуы дауланбаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 8 қазанда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» атауымен әрекет етуші Ерсұлтан Камалұлы Дүйсенбаевтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 05.12.2025



Құжатқа қол қойылған: Ешібеков Б. Е., 05.12.2025